

A dark blue arrow points to the right from the left edge of the slide. Below it, several thin, curved lines in shades of blue and grey sweep across the left side of the page.

Білім сабағының тақырыбы:

«Менің Отаным – Қазақстан».

Білім сабағының мақсаты:

Қоғамда қазақстандық патриотизм идеясын дамыту, Тәуелсіздік алғаннан бергі Қазақстанның жетістіктерін насихаттау, басты құндылықтарды – тәуелсіздік, бейбітшілік пен келісімді нығайту.

Балалардың Отанға деген азаматтық жауапкершілікті сезінуіне ықпал ету. Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы туралы түсінік беру, Қазақстан халқы бірлігін нығайтудағы олардың маңызын ашу.

Сабақтың түрі: конференция сабақ
Сабақтың көрнекілігі: Қазақстанның
рәміздері, ұран сөздер, Қазақстан
картасы, интерактивті тақта, суреттер,
лента.



“Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық” Н.Ә.Назарбаев

(с) www.ZHARAR.com

Елбасы: Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел!

- Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел! Бүгін Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ҚР Президенті Н. Назарбаев осылай мәлімдеді.

«Мәңгілік Ел ата-бабамыздың сан мыңдаған жылдар бойғы асыл арманы екені баршамызға белгілі. Ол арман - әлем елдерімен терезесі тең, әлем қатынасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз мемлекет атану еді, ол арман - тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыланатынын естіп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - Мәңгілік Ел идеясы», - деп атап өтті Н. Назарбаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Тәуелсіздік арқасында халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізгенін, еліміздің жүрегі елорда тұрғызылғанына тоқталды. «Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың перзенті. Ендеше Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деді Ұлт Көшбасшысы.

Сонымен қатар, Президент Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары «Қазақстан-2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынғанын алға тартты.

«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екені баршаға мәлім. Бұл - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік, талай елдің тағдырын құрдымға жіберді. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана, ол - Мәңгілік Ел», - деді Елбасы.

Қазақстанды қайталанбас тарихы және мәдениеті бар көптеген халықтар мен ұлттар мекендейді.

Биылғы 2015 жыл Қазақстан үшін үш жақты маңызы бар:

- **Қазақ хандығына 550 жыл толады;**
- **Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл толады;**
- **Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толады.**

Соған байланысты ҚР Президенті Н.Назарбаев 2014 жылдың 29 тамыз күні «2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жариялау туралы» №901 Жарлыққа қол қойды.

1465

2015



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ



• 550 жылға аралық, Алашқа •

1941



1945



2015 жылы ҚХА-ның құрылғанына 20 жыл толады. Соған орай 2015 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды.


2015 жылғы 23 сәуірде Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен ҚХА XXII сессиясы өтті. Нұрсұлтан Назарбаев 7 жаңа міндет қойды, оны жүзеге асыру ісіне Ассамблея тікелей қатысуы тиіс. Бұлар – бүкілқазақстандық мәдениетті дамыту, халық бірлігін ортақ рухани-моральдық құндылықтар негізінде нығайту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, мемлекеттік тілді және үштілді білім беруді одан әрі дамыту, транспарентті мемлекеттегі қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, этносаралық қатынастарды саясилендіруге жол бермеу, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы серіктестермен мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жұмыстары.

ҚХА өзінің 20 жылдық белсенді жұмысында орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті.

Жалпы алғанда негізінен Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫНА
20 ЖЫЛ**



Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізде екеніне мақтанамын. Мен мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағымын. ХХІ ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз - жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпін.
